

**"Тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1229
қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 9 тамыздағы № 476 қаулысы.
Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29
желтоқсандағы № 922 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 922 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1229 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 47-48, 444-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережелерінде:

5-3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ветеринария саласындағы заңнамаға сәйкес ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы берген Қазақстан Республикасына әкелуге арналған рұқсаттың көшірмесін ұсыну (тіркеу сынақтарын жүргізу үшін ветеринариялық препарат үлгілері әкелінген жағдайда);".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев